

## Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 16 наурыз N 200. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995.12.19. N 1807 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1066 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі туралы беріліп отыраған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі экономиканы тұрақтандыру және оны дағдарыстан шығару кезеңінде өз құзырына жатқызылатын мәселелер бойынша барлық министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдердің, мемлекеттік концерндердің, ведомствоның бағынысына қарамастан холдингтердің, корпорациялардың, қауымдастықтардың және кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің тәмендегі фундаменталық барлық мәселелерінің міндетті шешімдер қабылдайды деп белгіленсін:

- сыртқы экономикалық байланыстардың стратегиясын талдап жасау, оларды дамытудың бағдарламаларын әзірлеу, жүзеге асыру;

- экспорт пен импорттың, сауда балансының жиынтық көрсеткіштері бойынша мемлекет мұқтаждарының көлемін шетелдік валютада анықтау және олардың орындалуын бақылау;

- сыртқы экономикалық саясаттың мәселелері бойынша халықаралық шарттар мен келісімдер жасау туралы ұсыныстар әзірлеу, олардың орындалуын бақылау;

- экспорт пен импортқа салынатын салық ставкасы Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, бірлестіктері мен ұйымдарына арналған валюта қорына жасалатын аударым тарифтері мен нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- әлемдік нарықта сұранымға ие болатын, бәсекелесуге лайықты тауарларды экспорттауға арналған өндірісті ұлғайту, сондай-ақ тауарларды (жұмыстар мен

қызметтерді) импорттауға бақылау жасау жөнінде шаралар әзірлеу;

- мемлекеттік валюта-кредит саясаты жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың, оның ішінде шет елдерде де, сыртқы экономикалық қызметіне тексерістер ұйымдастыру;

- тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) экспорты мен импортының квоталарын б е л г і л е у .

Аталған функцияларға сәйкес Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің төмендегі құқықтары беріледі;

- біртұтас сыртқы экономикалық саясатты жүргізу, сыртқы нарықтарда Қазақстанның мұдделерін қорғау мәселелері бойынша министрліктерді, ведомстволарды, жергілікті әкімшіліктерді, сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушыларды тыңдау, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

- қажет болған ретте басқа министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың бәрі орындауға міндегі нұсқамалар мен нұсқаулар шығару.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төмендегі функциялары берілсін:

- кәсіпкерлікті қолдау жөнінде мемлекеттік саясат жүргізу;

- нарық жағдайында жұмыс істеу үшін мамандарды, басқару қызметкерлерін, кәсіпкерлерді даярлау және оқытып-үйрету бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру жөніндегі министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, қауымдастықтардың және басқа экономикалық құрылымдардың қызметін Үйлестіру;

- қатарлас құрылымдар, шағын кәсіпорындар құру жөніндегі

шараларды талдап жасау;

- кәсіпкерлікке мемлекеттік көмек көрсетудің ортақ шарттары мен нысандарын анықтау, тиісті бағдарламалар мен ұсыныстарды талдап жасау;

- жаңа экономикалық құрылымдарды қолдауды қамтамасыз ету;

- кәсіпкерлік қызмет пен жаңа экономикалық құрылымдарды мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесіне талдау жасау және оны Қазақстанның экономикасына енгізу.

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.06.09.

№ 809 қаулысымен.

6.

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1996.01.10.

№ 49 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің № 1 қосымшаға сәйкес ведомствоның бағыныстағы ұйымдары мен мекемелері болады деп белгіленсін.

8. Жергілікті жерлерде мемлекеттік экономика саясатының пәрменділігін арттыру, құрылымдық қайта құру жұмыстарын үйлестіру және экономикалық реформаны жүзеге асыру мақсатында облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында экономиканы басқаратын аумақтық - экономика басқармалары жұмыс істейді деп белгіленсін.

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық экономика басқармаларының бастықтарын Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісімі бойынша тиісті облыстар мен қалалардың әкімдері тағайындауды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі екі апталық мерзімде облыстық (қалалық), экономика басқармалары туралы ұлгі ереже өзірлесін.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі елшіліктердің экономикалық қызметтерінің құрамын қалыптастыруға қатысады деп белгіленсін

10. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны Баға комитеті аппаратының санын қоса есептегенде 472 адам (үйлерді күзету мен күтім жасайтын адамдардан басқа) мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жаңындағы Шетелдік Экономика министрлігі жаңындағы Баға комитеті қызметкерлеріне "Мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 26 қарашадағы № 990 қаулысында көзделген еңбекақы шарттары (№ 1 кесте) қолданылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бойынша 1993 жылға енбекке ақы төлеу қорын оған белгіленген қызметкерлердің санына және еңбекақы төлеудің қолданылыш

жүрген шарттарына қарай анықтасын.

11. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жаңындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік пен Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің сыртқы экономикалық саясат кешені қызметкерлеріне шетел тілдерін білгені және оларды өздеріне жүктелген міндеттерді атқару кезінде қолданғаны үшін лауазымдық жалақыға 30 процентке дейінгі мөлшерде ұстеме ақы төлеуге рұқсат етілсін.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінде Министрдің жеті орынбасары, оның ішінде екі бірінші орынбасар және құрамында 17 адамы бар алқасы болуына рұқсат етілсін. Алқа құрамына лауазымы бойынша Министр мен оның орынбасарлары, Министрліктің жауапты қызметкерлері, министрлікке ведомствоның бағыныстағы ұйымдардың басшылары мен экономикағылыминың өкілдері кіреді деп белгіленсін.

Алқа мушелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

13. Экономика министрлігінің орталық аппаратына қызметтік 18 жеңіл автомобильге лимит белгіленсін.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жиһаз, жабдық, көлік құралдары мен ұйымдық техника сатып алу үшін жыл сайын қаржы, соның ішінде валюталық қаражат бөлуді көздең отырысын.

15. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келісуі бойынша осы қаулыдан туындастын өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына енгізу туралы ұсыныстарды екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

16. "Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестициялар жөніндегі

Ұлттық агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1073 қаулысына тәмендегідей өзгерістер енгізілсін:

II-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Агенттік төрағасы орынбасарларының лауазымдары медициналық, тұрмыстық қамтамасыз ету және көлік қызметін көрсету шарттары бойынша министрлердің орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін".

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 2 қосымшадағы шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 16 наурыздағы

N 200 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика

министрлігі туралы

ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі (Экономмині) мемлекеттік атқарушы билік жүйесіндегі орталық салааралық экономикалық орган б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасы Экономминің негізгі міндеттері мыналар:

- макроэкономикалық және құрылымдық саясатты, оны жүзеге асырудың механизмдерін жасау;

- экономикалық және әлеуметтік дамуды индикативті жоспарлау; - мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар жасау; - аймақтық экономикалық саясатты қалыптастыру; - халық шаруашылығының тенденстірілуін қамтамасыз ететін салааралық, аймақаралық және мемлекетаралық экономикалық проблемаларды кешенді шешу шараларын жүзеге асыру;

- сыртқы экономикалық саясатты, оның ішінде сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту стратегиясын талдап жасау, өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) экспортты мен импорттын квоталау, экспорттық бағдарламаларды қалыптастыру;

- шетелдік инвестицияларды тарту саласындағы саясатты белгілеу; - төлем балансына талдау және болжам жасау; - микроэкономикалық саясаттың механизмдерін жасау; - министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктердің, мемлекеттік концерндердің, холдингтердің, корпорациялардың, қауымдастықтардың және кәсіпорындардың экономикалық реформаны жүзеге асыру қызметін үйлестіру және бақылау жасау;

- министрліктер мен ведомстволардың халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- сыртқы көмекті үйлестіру;
- нарықтық экономика бойынша кадрлар даярлануын үйлестіру.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа Зандағын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа шешімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

## II. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің негізгі функциялары

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өзінің негізгі міндеттерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы

әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қалыптастыру саласында: макроэкономикалық, құрылымдық және инвестициялық саясатты және оны жүзеге асырудың механизмдерін талдап жасайды; халық шаруашылығының жекелеген салалары мен аумақтық құрылымдарды дамытудағы б а с ы м д ы қ т а р д ы а ны қ т ай д ы ;

Қазақстан Республикасын экономикалық және әлеуметтік дамытуды индикативті жоспарлауды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттің бюджет және қазына саясатын қ а л ы п т а с т ы р ү ғ а к а т ы с а д ы ;

Қаржы министрлігімен бірлесіп және Ұлттық банкпен өзара іс-қимыл жасап, қаржыны, кредит-ақшаны және валютаны реттеу, банк жүйесін жетілдіру, ақша айналымы мен төлемдер жүйесінің тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты талдап жасауға қ а т ы с а д ы ;

экономиканы дамытудың сыртқы ресурстарын, кредиттерді, инвестицияларды және техникалық көмекті қоса есептегендеге, тарту саласындағы с а я с а т ы т а л д а п ж а с а й д ы ;

мемлекеттің орталықтандырылған ресурстары есебінен қаржыландырылатын аса маңызды инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды бағалауды және іріктеп алууды жүзеге асырады;

ғылыми-техникалық прогресті экономикалық ынталандыру жүйесін талдап ж а с а й д ы ;

мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асырады;

мемлекеттік аймақтық саясатты талдап жасайды, оның ішінде аймақтарда

экономикалық реформаларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, экологиялық қасірет аймағында орналасқан өңірлерді, дамуының ерекше жағдайлары бар шалғай және басқа аудандарды мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін анықтаиды;

мемлекетаралық экономикалық байланыстарды, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерімен байланыстарды дамыту жөніндегі сыртқы экономикалық қызмет саласындағы саясатты қалыптастырады, таяу және шалғай шет елдермен өзара тиімді сауда мен экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын талдап жасайды;

кәсіпкерлікті, шағын бизнесті және нарықтық инфрақұрылымын дамытуды, кәсіпорындар мен басқа да шаруашылық жүргізу什і субъектілерді басқарудың ұйымдық-экономикалық құрылымдарын жетілдіруді мемлекеттік қолдау саясатын жасап, жүзеге асырады;

меншік құрылымы мен институттық реформаларды қайта құрудың стратегиясы мен негізгі бағыттарын талдап жасауға қатысады;

конверсия, өнеркәсіптің қорғаныс салаларын дамыту, жұмылдыру қуаттары мен мемлекеттік резервтер құру саясатын талдап жасайды;

шаруашылық байланыстары мен бағаны ырықтандыруды қамтамасыз ететін баға түзу саясатын талдап жасайды.

экономиканы мемлекеттік реттеудің механизмдерін қалыптастыру, практикалық нысандары мен әдістерін белгілеу саласында:

жекелеген салалар мен өндіріс түрлерін дамытудың басым бағдарламаларын жүзеге асыруды қалыптастырады және үйлестіреді;

экономикаға тиімді мемлекеттік ықпал жасау мақсатында макроэкономикалық реттегіштерді пайдалану механизмдерін анықтайды:

белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік бюджеттің кіріс-шығысының жекелеген баптарын қалыптастыруға қатысады, бюджетті қалыптастыру кезінде қолданылатын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын әзірлейді;

Қаржы министрлігімен бірлесіп, Ұлттық банкпен өзара іс-қимыл жасап, ақша айналымын реттеудің, кредит ресурстары мен бағалы қағаздар нарқын қалыптастырудың, орталықтандырылған кредиттерді тиімді пайдаланудың және акционерлік капиталды басқарудың экономикалық нормативтерін анықтауға қатысады. Төлем механизмін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

орталықтандырылған валюта ресурстарын пайдаланудың тәртібі мен шарттарын белгілеуге, шетелдік кредиттерге және олардың тауарлармен молықтырылуына мемлекеттік кепілдік беруге қатысады;

шетелдік кредиттер мен инвестицияларды тарту және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтырудың, қайта бейімдеудің және қайта

құрудың ортақ принциптері мен механизмдерін анықтайды; бекітілген мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың механизмін талдап жасайды, құрылыш кешенінің қуаттарын оңтайлы пайдалану және аумақтарға орналастыру шараларын жүзеге асырады;

мемлекет мұқтаждары үшін өнімдер (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету) жөнелтілімінің көлемі мен құрылымын қалыптастыру жұмысын үйлестіреді;

отын-энергетика кешенінің, өнеркәсіптің базалық салаларының, мәшине жасаудың және әскери-өнеркәсіп кешенінің, агроөнеркәсіп кешені мен халық тұтынатын тауарлар өндіру саласының кәсіпорындарын мемлекеттік басқаруды үйлестіру ісін жүзеге асырады;

әлеуметтік саланың, байланыс және коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытудың бағдарламаларын қаржы және ресурс жағынан қамтамасыз ету шараларын талдап жасайды, мемлекеттік тұрғын үй саясатын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

экологиялық және әлеуметтік жағдайлары күрделі аймақтарды мемлекеттік қолдау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға бақылау жасайды;

әлеуметтік саланы мемлекеттік қолдау және тұтыну нарығын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады;

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын реттеу механизмдерін қалыптастырады;

сыртқы экономикалық байланыстарды дамытудың бағдарламаларын әзірлеу, жүзеге асырады;

материалдық баланстар жүйесін талдап жасайды, олардың ағымдағы жағдайын қадағалайды және аса маңызды шикізат пен өнімдердің экспорттық жөнелтілімінің квоталарын белгілейді;

экспорт пен импорттың, шетелдік валютамен есептегендеге сауда балансының жиынтық көрсеткіштері бойынша мемлекет мұқтаждарының көлемін анықтайды және оның орындалуына бақылау жасайды;

сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың сыртқы және ішкі нарықта Қазақстанның мұдделерін қорғауына бақылау жасайды;

өнімдер жөнелтудің үкіметаралық шарттарын жасау бойынша, оның ішінде өзара өнімдер алысып-берісу көлемін, құрылымы мен бағасын қоса есептегендеге ТМД мемлекеттері арасындағы келісімдер бойынша ұсыныстар әзірлейді;

сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

лицензияланатын өнім түрлерінің тізбесін анықтайды, экспорттық жөнелтілімдерді лицензиялауға бақылау жасаудың механизмін қалыптастыруға қатысады;

Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, бірлестіктері мен

ұйымдарына арналған салық ставкалары, валюта қорына жасалатын аударымдардың тарифтері мен нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін экспорттық-импорттық тауарларды декларациялау тәртібін айқындауға қатысады;

экспорттауға және импорттауға арналған бәсекелесуге лайықты тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндіруді арттыру шараларын белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың, оның ішінде шет елдерде де, сыртқы экономикалық қызметін тексеруді ұйымдастырады;

тауарларды экспорттау мен импорттау квоталарын анықтайды; қажет болған ретте контрактыларды сараптық бағалауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының төлем балансын жақсарту жөніндегі ұсныстарды әзірлейді;

министрліктер мен ведомстволардың халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

сыртқы, оның ішінде техникалық көмек бағдарламаларын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің, экономиканы монополиясыздандырудың негізгі бағыттарын анықтауға қатысады;

кәсіпкерлік пен шағын бизнесті дамытуды ынталандыру, республика экономикасындағы монополизмді жою жөніндегі шараларды жүзеге асырады, банкрот болған мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құруға қатысады;

кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, қауымдастықтардың және басқа экономикалық құрылымдардың нарық жағдайында жұмыс істеуі үшін мамандар, басқару құрамын даярлау және оқытып-үйрету бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді;

қатарлас құрылымдар, шағын кәсіпорындар құру жөніндегі шараларды белгілейді;

кәсіпкерлікке мемлекеттік көмек көрсетудің ортақ шарттары мен нысандарын анықтайды, тиісті бағдарламалар мен ұсыныстар әзірлейді;

( 5 5 - а б з а ц )

мудделі ұйымдармен бірлесіп, төтенше жағдайларда Қазақстан экономикасының тұрақты жұмыс істеу жағдайын айқындауға, әскери-экономикалық әлеуетін қорғауға қатысады;

мемлекеттік қорғаныс бағдарламаларын жүзеге асыруға және жұмылдыру резервтерін қалыптастыруға қатысады;

шетелдік және жеке меншік инвестицияларды кеңінен пайдалана отырып, өндірісті технологиялық жаңарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

шаруашылық байланыстар мен бағаны ырықтандыру, ішкі және әлемдік бағалар құрылымдарын жақындастыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

мемлекеттік басқару органдарының жүйелері мен құрылымдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

болжау-талдау қызметі саласында:

Қазақстанды, жекелеген аймақтар мен халық шаруашылығының салаларын әлеуметтік-экономикалық дамытудың ұзақ мерзімді кешенді болжамын жасайды;

жалпы ішкі, жалпы ұлттық өнімдер мен ұлттық табыстың салалық, аумақтық және атаулы құрылымдарының макроэкономикалық талдауын және болжамын жүзеге асырады;

аса маңызды материалдық ресурстардың, күрделі қаржының, қаржы ресурстарының, халықтың кірістері мен шығыстарының болжамдық баланстарын жасайды;

экономикалық және әлеуметтік дамуды индикативті жоспарлаудың әдістемелері мен әдістерін талдап жасайды;

республикадағы экономикалық жағдай туралы баяндамалар, экономиканың жекелеген салаларын дамытудың үрдістері мен серпініне, тұтыну нарығы мен халықты әлеуметтік қамтамасыз ету жағдайына ұдайы шолулар әзірлейді;

экономикалық саясатты талдап жасайды, экономикалық реформаның негізгі бағыттарын нақтылады, қысқа және орташа мерзімдегі болашаққа бағдарламалар әзірлейді, шаруашылық жүргізудің және экономиканы мемлекеттік реттеудің соны әдістеріне зерттеу жүргізеді, салық жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

тауар және қаржы нарықтарындағы, бағалы қағаздар нарығы мен қор биржаларындағы үрдістерді талдайды және болжайды, экономиканың дамуындағы сәйкесіздікті айқындайды және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Үкімет (Премьер-министр) үшін бюджеттік, қаржылық және кредит-ақша саясатының экономикаға әсер ету нәтижесі мен үрдістері туралы баяндамалар әзірлейді, оларды жөнге келтіру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

республиканың экономикалық әлеуетіне және әлемдік нарық конъюнктурасына баға беру жөнінде зерттеулер жүргізеді, халықаралық еңбек бөлінісі мен дүниежүзілік шаруашылық байланыстар халық шаруашылығының тиімді интеграциялануының негізгі бағыттарын анықтайды;

төлем балансына талдау және болжам жасайды, сыртқы экономикалық байланыстардың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар

**ә з ір л е й д і ;**

кәсіпкерлік қызмет пен жаңа экономикалық құрылымдарды мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесін талдайды және оны Қазақстанның экономикасына  
**енгізеді.**

Ескерту. Екінші бөлімнің 4-тармағының 55-ші абзацы алғынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.06.09. N 809 қаулысымен.

### **III. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің құзыры**

**5. Қазақстан Республикасының Экономминіне жүктелген міндеттерді орындау үшін**  
**Министрлікке :**

Министрліктің құзырына жатқызылған және нормативтік реттеуді талап ететін мәселелер бойынша экономиканы тұрақтандыру және оны дағдарыстан шығару кезеңіне арналған, министрліктер, ведомстволар, жергілікті әкімдер, мемлекеттік концерндер, корпорациялар, қауымдастықтар, ведомствоның бағынысына қарамастан кәсіпорындар мен мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар мен басқа да шешімдер қабылдауға;

министрліктерге, мемлекеттік басқарудың басқа да орталық органдарына, жергілікті әкімшіліктерге жекелеген экономикалық мәселелерді шешу жөнінде материалдар **әзірлеуді тапсыруға;**

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарынан, жекелеген кәсіпорындардан, мекемелер мен үйымдардан Министрліктің құзырына жататын мәселелерді шешуге қажетті материалдарды белгіленген тәртіппен **сұрату мен алуға;**

мемлекеттік басқарудың басқа органдарының құзырына жататын және Министрліктің мүдделерін қозғайтын елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талап жасауға, қарауға және келісуге қатысуға;

халық шаруашылығын дамытуды болжау, мемлекеттік бағдарламалар, экономикалық реформаларды жүзеге асыру, басқарудың нысандары мен әдістері, мемлекеттік басқару органдары құрылымын жетілдіру мәселелері бойынша министрліктер мен ведомстволардың жұмысына әдістемелік басшылықты жүзеге асыруға **және үйлестіруге;**

министрліктерден, ведомстволардан, облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктерден және басқа да сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардан сыртқы экономикалық байланыстар мәселелері жөніндегі ведомствоның актілермен қоса қажетті материалдарды және анықтамалық деректерді **сұратып алуға;**

сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушыларды бірыңғай сыртқы экономикалық байланыстар жүргізу, сыртқы нарықта Қазақстанның мұддесін қорғау мәселелері бойынша тыңдауға, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөніндегі заң актілерінің практикасын қорытындылауға және осы саладағы зандарды жетілдіру жөнінде үсінystар әзірлеуге;

басқа министрліктермен және ведомстволармен келісім бойынша қажет болған ретте сыртқы экономикалық байланыстарға барлық қатысушылар үшін орындау міндетті болып табылатын нұсқамалар мен нұсқаулар шығаруға;

өндірісті лицензиялаудың ортақ принциптерін және маңызды халықшаруашылық мәні бар өнімдердің (қызметтердің, қызмет түрлерінің) лицензияланатын түрлерінің тізбесін анықтауға;

мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және үйлестіруге қатысуға, осы бағдарламаларды жүзеге асыруға қажетті орталықтандырылған қаржылар мен басқа да ресурстарды айқындауға;

бюджеттен тыс қорлардың есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық қызметті бақылауға және реттеуге;

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, халықаралық экономикалық қаржылық ұйымдармен, сауда-экономикалық одақтармен экономикалық ынтымактастырының мәселелерін келісуге қатысуға;

өз құзыры шеңберінде шет елдермен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар мен кеңестердің қазақстандық бөлігінің жұмысын үйімдастыруға;

Министрлер Кабинетінің тапсырмасы бойынша инвестициялық ынтымақтастық, кредиттер мен қарыздар алу саласында халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасының мұддесі үшін өкілдік етуге;

басым халық шаруашылық мәні бар жобалар мен бағдарламаларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асырылатындарын сараптан өткізу ді ұйымдастыруға және осы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділігі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлеуге;

басым бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қатысушы шетелдік инвесторларға қаржылық және басқа да жеңілдіктер мен кепілдіктер беру жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыруға;

министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктердің, мемлекеттік концерндердің, холдингтердің, корпорациялардың, қауымдастықтардың шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту және пайдалану мәселелері

жөніндегі қызметін үйлестіруге, осы қызметтің экономикалық тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

аса маңызды экономикалық проблемалар бойынша ғылыми-зерттеулерді қалыптастыруға және үйлестіруге, белгіленген тәртіппен Министрліктің құзырына жататын мәселелерді талдап жасау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын, салалық ғылым академияларын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын және басқа да мекемелерді, сондай-ақ жекелеген ғалымдар мен мамандарды таратуға;

нарықтық экономика үшін кадрлар даярлауды үйлестіруге, халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдардың тиісті орталықтарында және шетелдік оқу орындарында тәжірибеден өткізу және оқытып-үйрету үшін мамандардың кандидатураларын іріктеуді жүзеге асыруға;

кеңесшілер, консультанттар және сарапшылар ретінде контракт негізінде жоғары білікті шетел мамандарын жұмысқа шақыруға;

мұдделі министрліктермен және ведомстволармен, жергілікті әкімшіліктермен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп кәсіпкерлік қызметті дамытудың басым бағытын айқындауга қатысуға;

өз бетінше немесе Қазақстан Республикасының мұдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетіне табыс ету үшін кәсіпкерлікті дамыту проблемалары жөніндегі нормативтік актілер жобаларын талдап жасауға;

шағын кәсіпорындар мен кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі аймақтық басқару органдарының қызметін үйлестіруге;

ел ішінде де, шет елдерде де заң актілерінің жобаларын талдап жасау және сараптау, шағын кәсіпорындардың проблемалары жөніндегі талдамалы шолулар мен болжамдар әзірлеу, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын қалыптастыру және бағалау, сондай-ақ өз құзырына сәйкес басқа да проблемаларды шешу жөнінде сарапшылар тартуға, кәсіпорындармен, ұйымдармен, институттармен, жоғары оқу орындарымен, уақытша шығармашылық ұжымдармен, мамандармен шарттар жасасуға;

мұдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп шағын кәсіпорындар мен басқа да кәсіпкерлік құрылымдарды мемлекеттің әр түрлі тапсырыстары мен бағдарламаларын орындауға тарту тәртібін анықтауға қатысуға;

әдістемелік жәрдем көрсету мақсатымен шағын кәсіпорындарға, олардың одақтарына, қауымдастықтар мен бірлестіктерге, кәсіпкерлік құрылымдарға арналған ұсыныстар әзірлеуге;

Министрліктің құзырына жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіпке орай кеңестер шақыруға құқық беріледі.

6. Экономика министрлігі облыстық, қалалық және аудандық экономика басқармаларының аймақтық саясат мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Экономмині Қазақстан Республикасының Сыртқысмінімен бірлесіп елшіліктерінің экономикалық қызметінің құрамын қалыптастыруға қатысады.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Министрліктің бөлімшелері мен өзіне ведомствоның бағыныстағы ұйымдар орындауға міндетті болып табылатын бүйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өз құзырына жататын мәселелер бойынша заңдарды қолдану практикасын қорытындылайды, осы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлең, оларды қарau үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді. Экономикалық реформа мәселелері жөніндегі заң актілерінің және Министрлер Кабинеті шешімдерінің жобаларын әзірлеуге қатысады, белгіленген тәртіп бойынша оларды жүзеге асыруға қажетті нормативтік және әдістемелік құжаттардың жобаларын жасайды.

#### IV. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

10. Қазақстан Республикасының Экономинің Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастырылған Министр басқарады.

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындастырылған орынбасарлары болады. Министрлік орынбасарларды арасындағы міндеттер бөлінісін министр жүргізді.

11. Қазақстан Республикасының Экономика министрі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға дербес жауап береді, Министрлік орынбасарларының және Министрліктің орталық аппаратты құрылымдық бөлімшелері басшыларының Министрлік қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық ету жауапкершілігінің деңгейін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Экономика министрі:

өз құзырының шенберінде барлық ведомствоның бағыныстағы ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар орындауға міндетті бүйрықтар, нұсқамалар шығарады және нұсқаулар береді;

орталық аппараттың штат кестесін, Министрліктің құрылымдық бөлімшелері

мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдары туралы ережелерді, сондай-ақ тиісті мерзімге бекітілген қаржыландыру шеңберінде Министрліктің орталық аппаратын ұстауға арналған шығыс сметасын бекітеді;

республика Экономмині орталық аппаратының, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, мекемелердің және кәсіпорындардың қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметінен босатады;

қолданылып жүрген зандарға сәйкес басқа да құқықтарға ие болады.

Ескерту. 11 тармақтың төртінші абзацынан сөздер алғынан тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасының Экономминінде құрамына Министр (алқа төрағасы), лауазымы бойынша оның орынбасарлары, министрліктің басшы қызметкерлері кіретін алқа құрылады.

Алқаның құрамына басқа министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, ғалымдар мен мамандар кіруі мүмкін.

Министрліктің алқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Министрлер  
Кабинеті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Экономминінде алқасы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде маңызды мемлекеттік, аймақтық және салалық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөніндегі мәселелерді қарайды.

Алқаның шешімдері Министрдің бұйрығымен немесе алқаның ресми хаттамасымен іске асырылады.

Қажет болған жағдайларда алқа мәжілісіне талқыланатын мәселелерге тікелей қатысты мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары, ғалымдар мен мамандар қатысады.

13. Экономика министрлігінің негізгі құрылымдық бөлімшелері басқармалар болып табады.

Орталық проблемалармен байланысты басқармалар кешендерге біріктірілуі мүмкін.

14. Қазақстанның Экономика министрлігі жаңында Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік пен Баға комитеті жұмыс істейді, олар арқылы Министрлік елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын есепке ала отырып, шетелдік кредиттерді, инвестицияларды, және де техникалық көмектерді тарту мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясатты және баға саясатын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Экономмині жаңындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікті лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары болып табылатын Төраға басқарады.

Қазақстан Республикасының Экономмині жаңындағы Шетелдік

инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік пен Баға комитеті туралы Ережені  
Министрлер Кабинеті бекітеді.

15. "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 наурызындағы  
N 200 қаулысының N 2 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы  
Экономика министрлігінің ведомствоның бағыныстағы үйымдары мен  
мекемелері болады.

16. Экономика министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің

санын, еңбек ақы төлеу қорын қоса, оны ұстауды қаржыландыру мөлшерін  
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

17. Министрліктің банкте есеп айырысу және бюджеттік шоттары,  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз  
атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің тұратын  
орны - Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 16 наурыздағы  
N 200 қаулысымен бекітілген  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Экономика  
министрлігіне ведомствоның бағыныстағы  
үйымдар мен мекемелердің  
ТІЗБЕСІ

Экономика және нарықтық қатынастар ғылыми-зерттеу институты  
(оның қарауына берілетін есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық  
және конъюнтуралық-коммерциялық ақпараттар ғылыми-зерттеу институты  
бөлімшелерінің бір бөлігін есепке алғанда);

Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін  
республикалық салааралық институт:

(Кабинеттің 1993 ж.  
9 желтоқсан N 1236 қаулысы)

Баспахана;  
"Алмабақ" балаларды сауықтыру орталығы;  
"Айнабұлақ" демалыс үйі;

Жөндеу-құрылым басқармасы;  
Шаруашылық басқармасы;  
N 252 балабақша;  
N 291 балабақша;  
N 351 балабақша;  
Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік пен бәсекелестікті  
дамыту қоры.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 16 наурыздағы  
N 200 қаулысымен бекітілген  
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
кушін жойған шешімдерінің  
Т I З Б Е С I

1. "Қазақ КСР-інің Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті қызметінің  
мәселелері" туралы Қазақ КСР-і Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28  
наурыздады N 200 қаулысы.

2. "Қазақ КСР-і Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28 наурыздады N 200  
қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақ КСР-і Министрлер Кабинетінің 1991  
жылғы 22 мамырдағы N 322 қаулысы.

3. "Қазақ КСР-інің Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті қызметінің  
мәселелері туралы" Қазақ КСР-і Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 9  
қыркүйектегі N 514 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасының Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық  
агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1073 қаулысының 7, 14-  
тапмактары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК